

Korpayeva, Zh., Abdirasilova, G., Beisenbekova, G. (2025). Қожа Ахмед Ясауи және сопылық дүниетаным,
Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Dergisi, 8(1), 81-90.

DÜZELTME – ERRATUM (ҚОЖА АХМЕД ЯСАУИ ЖӘНЕ СОПЫЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ)

Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Dergisinin 2025 yılı 8. cilt 1. sayısında 5 numaralı makale olarak 81-92 sayfa aralığında yayımlanan “ҚОЖА АХМЕД ЯСАУИ ЖӘНЕ СОПЫЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ” başlıklı makalenin dosyasında dizgi sırasında sehven yanlışlık olmuştur. Makale dosyasının asıl biçimi aşağıdaki biçimdedir.

Makalenin künyesi: Korpayeva, Zh., Abdirasilova, G., Beisenbekova, G. (2025). Қожа Ахмед Ясауи және сопылық дүниетаным, *Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Dergisi*, 8(1), 81-90. <https://doi.org/10.59182/tudad.1595486>

HATALI YAYIM URL:

<https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/4412974>



Kopbayeva, Zh., Abdirasilova, G., Beisenbekova, G. (2025). Қожа Ахмед Ясауи және сопылық дүниетаным,
Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Dergisi, 8(1), 81-90

ҚОЖА АХМЕД ЯСАУИ ЖӘНЕ СОПЫЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ

Zhuldyz KOPBAYEVA *
Gulmira ABDİRASILOVA **
Gulnaz BEISENBEKOVA ***

Түйіндеме: Мақалада Орта Азияның көрнекті философы, сопылық ақын және ислам уағызшысы Ахмед Ясауидің өмірі және рухани мұралары «Диуани хикмет», «Пақырнама», «Көңілдің айнасы», «Тарикат әдебі туралы баян» шығармалары мен аңыздары кемелдікке жеткізер қағидалары, діни-сопылық принциптермен қатар оқыту, білім беру, адалдық, ізгілік, жақсылық, жамандық, төзімділік, достық пен сүйіспеншілікті құрметтеу, әділеттілікті насихаттағаны туралы сөз болады.

Ахмет Ясауидің ілімі мен мұралары қаншама заман өтсе де, мәнін жоймай келе жатқан қазына. Әсіресе Ясауи бабаның «Диуани хикметі» Алтайдан Анадолыға дейінгі кең-байтақ өлкеде тіршілік ететін түркілер арасына кең тарап, олардың өмір салтының, салт-дәстүрінің, әдет-ғұрпының, құндылықтарының ажырамас бір бөлшегін құрады. Хикметтер мың жылға жуық уақыт бойы көшпелі және отырықшы халықтардың дінін, тілі мен ділін моральдық, этикалық, психологиялық негізде қарастырылуда.

Түркістан өңірінен түлеп шыққан сан түрлі ұлыстың бастан кешірген қилы тағдыры Әзірет Сұлтаннан өшпес өнегелерімен бірге өрілген. Ұлан-ғайыр тарих жазығына көз салған әр адамның назарына, ең алдымен, елдің өткені мен бүгініне, келешегіне өң берген тау тұлғалар мен олардың өрнекті-ғибратты істері ілінері анық. Тіл, мәдениет, әдебиет, өнер, руханият, тәлім-тәрбие, мемлекет ісі сияқты салаларда Түркі пірінің қолтаңбасы жатыр. Ол ежелгі әдеби, мәдени дәстүрді Құран рухында қайта жаңғыртып, діни-рухани насихаттар шоғырына айналдырды.

«Сопылық - адамның рухани, бейбітшілік, жанның тазаруы арқылы Құдайға жақындау мәселелерімен айналысатын ілім. Қожа Ахмет Ясауи сопылықтың төрт кезеңін: сопылық Шейхтегі мурид рөліне мойынсуну; шариғат - Құдайдың өсиеттері мен ислам заңдарының жиынтығы; Құдайды ақылмен емес, жүреппен білу; және ақиқат – шындықты толық түсіну» ұсынып, уағыздайды.

Тірек сөздер: Қожа Ахмед Ясауи, Түркістан, ислам дәстүрі, сопылық, рухани мәдениет, дүниетаным, хикмет, өрнекті-ғибратты істері, философиялық толғау, ойшылдық.

* Doktoral student, Kazak Ulusal Kızlar Pedagoji Üniversitesi, Filoloji Fakültesi, phd_kopbayeva@mail.ru
 ORCID ID: 0009-0003-7870-4315

** Prof. Dr., Kazak Ulusal Kızlar Pedagoji Üniversitesi, Filoloji Fakültesi, Kazak dilbiliminin Teori ve Metodolojisi Bölümü, ab.gulmira@mail.ru
 ORCID ID: 0000-0003-3240-6542

*** Doç. Dr., Kazak Ulusal Kızlar Pedagoji Üniversitesi, Filoloji Fakültesi, Kazak dilbiliminin Teori ve Metodolojisi Bölümü, gulbeisen@mail.ru
 ORCID ID: https://orcid.org/0009-0007-6330-5265

KHOJA AHMED YASSAWI AND THE SUFI WORLDVIEW

Abstract: The article will focus on the life and spiritual heritage of the outstanding central Asian philosopher, Sufi poet and Islamic preacher Ahmed Yasawi, the works and legends "Diwani Hikmet", "Pağnama", "mirror of mood", "Bayan about Tariqat ethics", the principles of teaching, education, honesty, virtue, Good, Evil, tolerance, respect for friendship and love, justice, as well as religious and Sufi principles.

The teaching and legacy of Ahmed Yasawi is a treasure that has not lost its essence, no matter how many times it has passed. In particular, Yasawi Baba's "Diwani Hikmet" spread widely among the Turks living in a vast region from Altai to Anatolia, forming an integral part of their way of life, traditions, customs and values. For almost a thousand years, wisdom has been considering the religion, language and mentality of nomadic and sedentary peoples on a moral, ethical, psychological basis.

The fate of many different nationalities living in the Turkestan region is intertwined with the immortal example of Hazret Sultan. It is obvious that everyone who looks at the vast plain of history pays attention, first of all, to the mountain people and their expressive and instructive deeds, which gave the background to the past and present, the future of the country. In such areas as language, culture, literature, art, spirituality, education, and state affairs, the signature of the Turkic people lies. He recreated the ancient literary and cultural tradition in the spirit of the Koran and turned it into a bunch of religious and spiritual propaganda.

"Sufism is a doctrine that deals with the problems of a person's approach to God through spirituality, peace, purification of the soul. Khoja Ahmed Yasawi proposes and preaches the four stages of Sufism: recognition of the role of Murid in the Sufi Sheikh; Sharia is a set of God's Commandments and Islamic laws; knowledge of God by heart, not mind; and truth is a complete understanding of the truth».

Keywords: *Khoja Ahmed Yasawi, Turkestan, Islamic traditions, Sufism, spiritual culture, worldview, wisdom, expressive and instructive deeds, philosophical reflections, thinking.*

Ахмет Ясауи - өз заманының көрнекті ғалымы. Ол Құдайды тану жолында өзінің жолын қалыптастырған ақын, сопы. Ахмед Ясауи - сопылық жолдың негізін қалаушы. Оның нұсқауларына сүйене отырып, ақын бұл ілімді өмірінің соңына дейін таратты. Оның ойлары оның даналығынан көрінді. Түркі халқы арасында "Түркістан рухани ағартушысы" деген атпен танымал Қожа Ахмет Ясауи даналығы бүкіл адамзатты кемелдікке, жақсылыққа, бейбітшілік пен бауырластыққа шақырады. Шындықты білу, шындыққа саяхат, рухани құпияны түсінуге ұмтылу, сүйіктісіне ғашық болу, жаратылысқа әуестену, жақын адамымен қарым-қатынас жасау, ақиқат шараптарын ішу, есінен тану, көбелекке айналу және от жағу, өлгенге дейін өлу, гүл шоқтарын шындыққа айналдыру терминдері сопылық әдебиетте кеңінен қолданылады. Ол өзінің ілімінде кемел адам, шариғат, пір, шыдамдылық, сабыр, тақуалық, сұқбат, нұр, тәуекел т.б. сияқты ұғымдарды қолданды.

Қожа Ахмет Ясауи - Қазақстанның мәдениеті мен рухани өміріне елеулі әсер еткен көрнекті ақын, ойшылы. XI ғасырдың көрнекті ойшылы және рухани жетекшісі Қожа Ахмед Ясауи ішкі өзгеріс пен үйлесімділікке жол ашып, мәдениет пен діни ойлауға жеткізгісіз үлес қосты. Оның өмірі мен ілімдері көптеген рухани даналықты сүйетіндерді шабыттандыратын мұра қалдырды. Қожа Ахмет Ясауи - Қазақстанның тарихы мен мәдениетімен тығыз байланысты, осы жердің рухани батырларының шежіресіне жазылған танымал есім.

Дүниетанымдық ұстанымы шариғаттан құралған Ахмет Ясауи өз сөздерінде «Адам өз-өзін тану үшін хақты тану керек, оның басшысы тәубе! Алла мен адам арасында, адам мен қоғам арасында көпір болуы керек. Өзінің өмірлік парызы ретінде халықты ислам дініне шақырып, уағызын хикметпен жеткізе білген Ахмет Ясауи әкесі шейх Ибраһимнің өмірлік жолын жалғап алып кетті. Әкесінің ізінен ере өткен, тарихқа өшпестей із қалдырған Қожа Ахмет Ясауидің өміріне бір сәт тоқталсақ.

1. Негізгі Бөлім

XII ғасырда түркі халқының тарихында сопылықтың негізін қалаушы ретінде көрнекті ойшыл, ақын және философ Қожа Ахмед Ясауи ерекше орын алады. А. Ясауи өмірі мен рухани жолы туралы дереккөздерді талдауда екі топқа бөлуге болады. Алғашқы топтағы дереккөздерде әртүрлі тарихи кезеңдерде өмір сүрген Мавераннахр ойшылдарының жазбаша қолжазбалары жатады: А. Нишапури (XII ғ.), ибн Рузбихан (XVI ғ.), Мұхаммед Данишманд (XII ғ.), Алишер Навои, Ясауи ағасының немересі Сайф ад-Дин Урунгкуйлақидің қолжазбалары және т.б. Екінші топта аңыздар, әңгімелер, шежере (Насаб-нама) құрайды, түркі халықтары арасында далада қалыптасқан ауызша дәстүрінің нұсқалары күні бүгінге дейін сақталған, кең таралған (Жандарбек, 2015, б. 34).

Танымал сопылардың бірі Мұхаммед Данишмандтың «Мир'ат ал-кулуб», кітабында Қожа Ахмет Ясауидің еңбектері туралы баяндайтын алғашқы кітаптардың бірі болып табылады. «Ойшыл бұл кітапта Қожа Ахмет Ясауидің ойлары мен сенімдеріне негізделгенін және оны мистика мен жер полюсінің жетекшісі ретінде атап өтетінін көрсетеді. Сондықтан, өткен ғасырларда Қожа Ахмет Ясауи лақап атпен танымал болған, дегенмен Ясауи «Түркістан ақсақалы» немесе «Түркістан хазіреті» деген бүркеншік аттарымен де белгілі болған (Асгар Сабери, 2015, б. 32).

Қожа Ясауи өмірі туралы тағы бір дереккөз - Әлішер Навоидың «Наса'им ал-мухаббат» жазбасындағы Джамидің «Нафа хат әл-унс» кітабының аудармасында берілген. Онда ол Ясауидің ұлылығы мен тұлғасын Түркістан мемлекетінің бас ақсақалы ретінде сипаттайды. «Оның позициясы жоғары және әйгілі болды, ұлылығы тұрақты және шексіз болды. Кедейлер арасында және билеуші ортада өте үлкен құрметке ие болды, оны жақтайтын, жолын құптайтын ізбасарлары мен серіктестері көп болды (Асгар Сабери, 2015, б. 32).

Қожа Ахмет Ясауидің шығу тегі туралы баяндайтын дереккөздердің бірі - 1996 жылы Ташкент пен Ыстамбұлда Ясауи хазіретінің ұрпағы Ясауи Сайфтың немересі ад-Дин Урунг-куйлақидің қолжазбасы (Асгар Сабери, 2015, б. 33).

Қазіргі Сырдария бойында, ескі Сайрам қаласында, XI ғасырдың басында туып, ислам діні сопылық философиясының Орта Азияда негізін салған, оның мистикалық бағытын осы аймақта алғаш рет паш еткен ойшыл, ғалым, ақын, дана Қожа Ахмед бин Ибраһим бин Махмуд бин Афтихар Ясауидің өмірбаяны туралы тиісті мәліметтер жоқ. Оның туған жылы мен қайтыс болған уақыты туралы да әркім әр түрлі жорамал айтып жүр: 1103-1166 ж. (Ф.Көпрүлү, К.Ераслан, Ә.Нәжіп), 1080 ж. (З. Жандарбеков), 1103-1167 ж. (Н.Нұрмахаммедов), 1104-1167 ж. (Ә.Қоңыратбаев), 1094-1167 ж. (Х.Сүйіншәлиев), 1103 ж. туған (С.Санбаев), 1083 ж. (С.Ізтілеуұлы) т.б. (Құрышжанов, 1994, б. 24-33).

Қожа Ахмет Ясауи қазіргі Сайрам атты ескі шаһарда 1103 жылы дүниеге келген де, 1166 жылы Иассы (Түркістан қаласында) қайтыс болған. Туған, қайтқан жылдары жөнінде дәл айтылған мәліметтер жоқ, сондықтан ол туралы әрқилы жорамалдар да аз емес, бірақ көпшілік зерттеушілер мен беделді мамандар осы мерзімге тоқтап жүр.

Алғаш рет сауатын Қожа Ахмед әкесінен ашады, бірақ ертерек кезде жетім қалып, Шәуілдерде тұратын апасының қолында өседі. Бұқар шаһарындағы Хамадани сопыдан оқып, Түркістан қаласына келіп сопылық құрады.

Арыстан-баб жас Ахмедтің тәлімгері болған. Аңыз бойынша, ол Мұхаммед пайғамбардан мұрагерге беру үшін сенім символын – құрма пальмасын немесе құрма сүйегін алды. Және оны Ахмед Ясауиге тапсырды. Арыстан бабтың жеке өзі туралы деректер көп емес. Ол исламның жергілікті уағызшысы, Мұхаммед пайғамбардың серігі болуы мүмкін. Қалай болғанда да, оны есімі, әулиелігі Орталық Азияда құрметтеледі. Ғимараты ортағасырлық кесенелер қираған жерде салынған. 2004 жылы кесенесін қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

3. Жандарбеков өзінің зерттеуінде Кашифи «Рашахат-ул айн-ил хайат» атты еңбегінде Қожа Ахметтің Арыстан бабтың оқушысы болғанын, одан заһир және батин ұғым-ілімдерінің маңызын мен тағылымын үйренгендігі, оған он алты жыл жанында болғанын, көп нәрсе ұғынғанын санамалап отырды. Ясауидың «Диуани хикметінде» де Арыстан бап туралы өте көп кездесетіндігін айтады.

Күллі түркі жұртына танылған Қожа Ахмет Ясауи даналықты арқау етіп, кемелдікті жырлаған мұралары жазба әдебиеттерде, көне түркі тілдері мен ауыз әдебиетінде, діни танымдық ұстанымдар мен руханият мәселелерімен сабақтасып келеді. Бұл жайында бүгінгі күнге дейін жарық көрген материалдар жеткілікті.

Ол - мұсылман қауымындағы сопылық мектепті қалыптастырушылардың бірі.

Алпыс үш жасқа жеткенде жер астынан салынған орын-жайға, яғни қилуетке түсіп, өмірінің соңына дейін сонда өмір сүреді. Ол жайында Қожа Ахмет 6-7 т.б. хикметтерінде әңгіме етеді. Алтыншы хикмет былай басталады:

*Субхи садық дүйсенбі күні жерге кірдім,
Мұстафаға құрмет тұтып кірдім мен - ә!
Алпыс үште «сүндет» деді, - естіп, білдім
Мұстафаға құрмет тұтып кірдім мен - ә!
(Қожа Ахмет Ясауи, 1998, б. 6-7 хикмет).*

Мұндағы бір ескерте кететін жәйт - ақын бұл жерде «Мұстафа» деп Мұхаммед пайғамбардың лақап атын айтып отыр. Пайғамбар алпыс үш жаста қайтыс болғандықтан, оның жасынан артық жасап, бұ жарық дүниеде жүре беруді Қожа Ахмед өзіне лайықты көрмеген болу керек. Ол туралы туралап айтпаса да, 6-7 хикметтерінде осы ойды жанамалап, шығармашы шырғалап отырып жеткізіп береді (бұл өзі - ұзақ өлең, 31 шумақ).

Дегенмен, мынаны айта кеткеніміз жөн - осы өлеңінде ақын әрі қарай былай дейді:

*Өлген сияқты болып жер астына қадам бастым,
Жарық дүниені харам қылып, Хақты сүйдім.
Зікір айтып, жалғыз болып, жалғыз күйдім, –
Мұстафаны құрмет тұтып, кірдім мен - ә!
(Қожа Ахмет Ясауи, 1998, б. 6-хикмет).
Ендігі бір өлеңінде (27-хикмет) ол былай дейді:
Мен жер үстінде өлмес бұрын тірідей өлдім,
Алпыс үште мен "сүндеттеу" дедім, - деп естідім.
Жер астында мен жанымды құл етемін,
Мұны естіген ол құлға кірді Қожа Ахмед.
(Қожа Ахмет Ясауи, 1998, б. 27 хикмет).*

Одан әрі:

*Алпыс түн, алпыс күнде бір ғана жол (дәм тату),
Таң атқанша дұға етіңіз және тек ғибадат етіңіз,
Алпыс үш жасымда мен тамам болдым,
Мұстафаны құрметтей отырып, мен кірдім-а!
(Қожа Ахмет Ясауи, 1998, б. 6- хикмет)*

Ясауи әулие алпыс үште өмірім таусылып бітті дейді.

Шынында ол оған дейін де өлген кісілердің қатарында жүрген. Оның сыры - әулиенің өзіндік ілімінің негізінде жатыр. Ой жіберген кісіге осы жолдардың өзі-ақ біраз сырды аңғартады.

Ахмед Ясауидің қашан қайтыс болғаны да белгісіз. XIII ғасырдың басында жазылған Маулана Сайфуддин Орын Қойлақтың «Насабнама» деген шежіресіне қарап, З.Жандарбеков Ясауи әулиені 120 жыл жасаған деп көрсетеді (Жандарбеков, 1994, б. 4). Әзіреті Сұлтан Құл Қожа Ахмед былай деп жазады:

*Біздің бүкіл өміріміз өтетінін,
Біз кететінімізді біліңіз.,
Бір күні кететін жақсылыққа сенбеңіз,
Анам мен әкем, туыстарым қайда кеткенін ойлаңыз,
Бірақ бір күні бұл арба Сізге де келеді
(Қожа Ахмет Ясауи, 1998, б. 27 хикмет)*

XI-XII ғасырларда түркі тілінде жазылған екі белді шығарма бар: Біреуі қазіргі Жетісу өлкесінен шыққан атақты ақын, ойшыл, дана, мемлекет қайраткері Жүсіп Баласағұнидің «Құтадғу білік» («Құт әкелетін білім») шығармасы да (1069 жылы жазылып біткен), екіншісі - осы Ясауидің «Диуан Хикметі» («Даналық сөздер жинағы»).

Баласағұни мен Ясауидің осы үрдісін ХҮ-ХҮІ ғасырларда Ә.Науаи, Қ.Қыдырғали Жалайри және Хиуаның ханы Әбілғазы Баһадүр жалғастырды. Одан бері түркі әдеби тілдері халық қатарына қосылып кетті. «Диуан хикметтің» түпнұсқасы жоғалып кеткен. Ол бізге әркімнің әр кезде және әр жерде жасаған көшірмелері арқылы жетіп отыр. Жарық дүниеде оның төрт жүзден астам осындай қолжазбасы бар деп есептелінеді (Ә.Нәжіптің ауызекі сөзі бойынша). Олардың ең бір ескісі 1105 жылы көшірілген түрі болса керек (Стамбул кітапханасында, - Наджип, 1989, б. 50). Қолжазба нұсқалар әр жерде әр қилы басылып жүр (Стамбулда, Қазанда, Ташкентте, Бұқарада, Қоқанда т.б. қалаларды). Ә.Қоңыратбаев 1901 жылы Қазанда «Диуани Хикметтің» қазақша нұсқасы жарық көреді. Арабша жазылған» деп жазады (Наджип, 1989, б. 90). Біздің қолымызда «Диуанның» Қазанда «бесінші мәртебе басылуы» (1904 ж.) бар. Бұл баспалардың ешқайсысы да «қазақ тіліндегі нұсқа» емес.

«Диуани хикмет», «Пақырнама», «Көңілдің айнасы», «Тариқат әдебі туралы баян» сияқты шығармалары мен аңыздары кемелдікке жеткізер қағидаларға толы. «Диуани хикмет» (Даналық кітабы) – түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының XII ғасырдан сақталған әдеби ескерткіштерінің бірі.

Орта ғасыр әдебиетінің мұрасы Ясауи хикметтерінің жазылу тарихы, тіл шұрайлығы, әлеуметтік бағыт-бағдары ғылыми түрде сараланып бүгінде зерттеулерге айналды. Алғашқы зерттеушілер ретінде Түркия ғалымы *Кёпрюлю* (Köprülü) Мехмет Фуат 1918 жылы оны Стамбул баспасынан бастырса, Стамбул университетінің профессоры Кемал Аслан 1983 ж. Анкарадан көне түрікшесі мен қазіргі түрікшесін салыстыра отырып жеке кітап етіп шығарды. Ясауи жырларын орыс ғалымдары Н. Самойлович, Э. Бертельс, Г.Ф. Благова, В.В. Бартольдт, В.А. Гордиевский, Г.Н. Наджип және т.б. жоғары бағалап, ақынның сопылық мектебін мойындады. Сондай-ақ хикметтердің зерттелу барысына Э.Р. Рустамов, Н. Маллаев, В.И. Зокидов сияқты өзбек зерттеушілерінің еңбектерінде де қарастырылды.

«Диуанның» бірқатар басылымдарында 149 хикмет пен «Мүнәжат» келтіріп жүр. Мерзімді баспасөз беттерінде Ясауи төрт мыңнан астам хикмет жазыпты-мыс, тиісті сарапшылар оның 250 хикметі бар екенін анықтапты-мыс деген пікірлер бой көрсетіп жнр (Қоңыратбаев, 1991, б. 90). Осы ойдың орамына қарай мынаны айтуға болады – Ахмед Ясауи өзінің 114-хикметінде төрт мың төрт жүз хикмет жазғандығы туралы айтады:

*Құл Қожа Ахмед, әрбір сөзің - дертке дәрмен,
Тыңдаушыларға баян қылсам, қалмас арман,
Төрт мың төрт жүз хикмет айттым,
Хақтан - бұйрық, Бұйрық болса, тағы өлгенше сөйлесем мен.*

Ал енді Қожа Ахмед өзінің бірінші хикметін былай бастайды:

«Бисмиллаһ!» деп баян қылдым хикмет айтып,

*Іздегенге дүр мен гауһар шаштым, мен-ә!
Тақуалық (әдетті) қатты тартып, қан жұтып,
Мен екінші дәптер сөзін аштым, мен-ә!*

«Диуани Хикмет» бірнеше кезеңнен тұратын сопылық білімнің бағыт-бағдарын сипаттайды. Сопылықтың мақсаты - жанды тазарту және Құдайдың ақиқатына жақындау. Бірінші кезеңде жан «аммара» деп аталады, бұл «бұйрық» дегенді білдіреді. Онда жануарлардың сезімдері басым, оны мақтаныш, қызғаныш жеңеді. Екінші кезеңде сопының жаны «лавамаға», яғни «айыптаушыға» айналады, зұлымдықтың теріс мәнін біледі. Үшінші кезеңде «мухлама», «шабыттандырылған», тазартылған жан жақсара бастайды. Төртіншіден, ол «тынышталған» дегенді білдіретін Мутмаин күйінде болады, ал сопылық жүрек сезімтал және асыл болады. Бесінші кезеңде жан «Разинадан» қанағат сезінеді және тек жақсылыққа бағынады. Алты кезеңде «Радина» жаны адами қасиеттерге ие болады. Сопылық жан жақсылықтың қайнар көзіне айналады. Жетінші кезеңде «Камиль» - мінсіз, жан қасиетті қасиеттерге ие болады. Осылайша, әр кезеңде мурид (Шейхтің шәкірті) бір немесе бірнеше тәндік қалаулардан арылып, исламдық өсиеттер мен сопылық тәжірибелерді орындау арқылы қол жеткізілген өзін-өзі тануды жақсартатын жағымды моральдық қасиеттерге ие болды. Тари-ката сатысында сопы күш, ұлылық пен Рухтың күшін сезінді және тәннің үстемдігіне ие болды.

Хикметтер араб жазуымен ескі түркі әдеби тілінде жазылған. Қазіргі қазақ тіліне, не орыс тіліне бұрын ешбір аударылып, жарияланған жоқ.

"Диуани хикмет" шығармасы алғаш рет 1878 жылы жеке кітап ретінде жарық көрді. Содан кейін ол Стамбулда, Қазанда, Ташкентте бірнеше рет басылады. Олардың бірін Ә.Тыныштықұлы 1901 жылы қазақтарға арнап шығарған нұсқасы. Төрт тармақты өлеңнен тұратын бұл шығармада ақын өзінің балалық шағынан пайғамбардың жасына дейінгі өмір жолын баяндайды, өзінің өмірдегі азаптары туралы айтады, халыққа үстемдік ететін хандардың, бектердің, билердің жіберген кемшіліктерін сынайды, бұл фәнидің жалғандығын айтады. «Диуани хикмет» кітабынан түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының мәдениетке, әдебиетке, тарихқа, этнографияға, экономикаға қатысты құнды деректерін табуға болады. А.Ясауи алғаш рет мистицизмнің сопылық бағытын, сопылық ілімді Орталық Азия мен Қазақстан аймағында орталығы Яссы қаласында (қазіргі Түркістан) таратты.

А.Ясауидің хикметтері (дәлірек аудармасы – даналық сөздері) сопылық ілімнің қағидаларын түсіндіруге, оларды іс жүзіне асырып, күнделікті өмірде сақтап, тұтынып отыру үшін орындалатын әдіс-тәсіл, амал-әрекет, қам-қарекет мен т.б. нәрселерді өлең тілімен баяндап беруге арналған.

Құл Қожа Ахмет, алпыс үш жасқа жеткен соң, жер астынан үңгіп жасалған орын-жайға (һилуетке) түсіп, қалған өмірін сонда өткізеді. Өзінің 2,7, 27, 113 т.б. хикметтерінде ол осы мәселе барысында әңгіме қозғайды (Қожа Ахмет Ясауи, 2021).

«Һилует» демекші, қазақ жерінде, мысалы, Маңғыстаудағы, бағзы бір замандарда жер астында қашалып, үңгіп салынған мешіттер болған. Оларға көшпелі жұрт тауап қылып, барып жүрген. Ахмет шайықтың шәкірттері де сол мешіттердің біразын өздері салса керек (Ізтілеуұлы, 1990).

Қожа Ахмет туындыларының тілі грамматикалық құрылысы жағынан ескі түркі жазба әдеби тіліне жатады. Онда Қараханидтер кезіндегі әдеби тіл ерекшеліктері мен қарлұқ тайпаларының сөйлеу тіліне тән құбылыстар да бар. Батыс Түркістан, оның ішінде Сырдарияның орта бойын жайлаған жергілікті қыпшақ, оғыз тайпаларына жататын тұрғындардың әдеби тілі мен ауызекі тілінің грамматикалық (фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік) белгі-бедерлері әлдеқайда басым келеді. Сөздік

құрамы жағынан алып қарағанда түркі сөздері араб-парсы тілдерінің элементтерімен, сөз саптау әдісімен шығарманың өн бойында ылғи да беріліп отырады. Бір сөзбен айтқанда, А. Ясауи тілі кейінірек (XIII-XIV ғ.) қалыптасқан орта азиялық жазба әдеби тілдің негізін қалаған. Бұл жерде, сөз жоқ, көрнекті түркітанушы Ә. Нәжіптің мынадай пікірін еске ала кеткен жөн: «А. Ясауидің «Диуан-и хикметі» уақыт өткен сайын толықтырылып, өзгеріп отырған, сондықтан қазіргі шақта қай хикметтің жаңарып қайта жазылғанын, тіпті, қайсы бірін оның шәкірттері мен ізбасарлары жазғанын ажырата білу өте қиын».

Әсіресе Ясауи бабаның «Диуани хикметі» Алтайдан Анадолыға дейінгі кең-байтақ өлкеде тіршілік ететін түркілер арасына кең тарап, олардың өмір салтының, салт-дәстүрінің, әдет-ғұрпының, құндылықтарының ажырамас бір бөлшегін құрады. Хикметтер мың жылға жуық уақыт бойы көшпелі және отырықшы халықтардың дінін, тілі мен ділін моральдық, этикалық, психологиялық негізде қайта сомдап шықты. Қазақ, өзбек, түрік, қырғыз, түркімен, қарақалпақ т.б. түркітілдес елдердің рухани тарихы, таным жүйесі, ұлттық сана-сезімі, этнопедагогикалық көзқарасы «Диуани хикметтен» тамыр тартып жатыр (Древнетюркский словарь, 1969, б. 539).

Ислам дінінің сопылық бағыты (суфистика, суфизм) о баста (VIII ғ.) бірбеткей, айнымайтын, өзгермейтін болмысына, оның мұсылмандық әдет-ғұрыптары мен талап-шарттарына, тәртіби жолдарына мойын ұсына қоймайтын оппозициялық кейіпте, аскетизм қағидалары мен оның атрибуттарын уағыздайтын философиялық ілім болып қалыптаса бастаған.

Құл Қожа Ахмет Ясауи ислам дінінің ең басты қасиетті кітабы Құранның, сунна (хадис) мен шариғаттың қағидалары мен ғұрыптарын паш ете отырып, көбінесе тақуалық өмірдің ережелерін уағыздайды (Құран: Н.Өсерұлы, Ж.Мақашұлы, 1990, 269-аят).

А. Ясауи – қоғамдық-саяси және әлеуметтік өмірдегі асқан ақын, тілі уытты сыншы ғана емес, сонымен бірге қалың көпшілік халықтың қараңғылық күні мен тұрмыс жағдайындағы жоқшысы, сөзін сөйлеп, сойылын соғып жүретін ел қамқоры. Қала берді жетім, жесір, ауру-сырқау, жоқ-жітік, кем-кетік, бағы байланып, соры қайнап жнрген жамағаттың жаны қысылған кезінде аузына су тамызар жанашыры болған.

А. Ясауи шығармашылығындағы тағы да бір баса назар аударатын мәселе - ол әменде діни уағыздар ғана жазумен шектеліп қалмаған, дін, шариғат аясынан аса шығып, өз кезінің саяси-әлеуметтік, қоғамдық-этикалық, адамжандылық-гуманитарлық тақырыптарды өз ойына өзек етіп отырған.

Қорытынды

Ахмед Ясауи исламдағы сопылық философия мен практиканың дамуында ерекше орын алады. Сопылық-философиялық, әлеуметтік, этикалық және моральдық-идеологиялық ұғымдардағы күрделі ағым. Исламның іштерінде пайда болған ол Еуропалық гностицизмнің, грек неоплатонизмінің, зороастризмнің, христиан мистицизмнің және т.б. көптеген ережелерін мұра етті. Басқа діни-мәдениеттермен танысуда ислам дінін тереңірек білуге және сұқбат арқылы сенімінің интеллектуалды мазмұнын жаңартуға мүмкіндік берді.

Ясауи шығармаларының ғылыми философиялық терең де астарлы мазмұнын былай қойғанда, оның тілінің өзі де – аса күрделі дүние. Сондықтан болашақта ең әуелі А.Ясауи тілінің түсіндірме сөздігін жасау қажет.

Қорыта айтқанда Қожа Ахмет Ясауидің барлық хикметтерінің тәрбиелік мәні халықты имандылыққа шақыру. Адамдарға өз бойындағы адалдық, имандылықтың күшеюіне ең керектісі иман екенін жеткізген. Адам баласын жаратқан Аллаға кіршіксіз сеніп, арам пиғыл ойлардан аулақ жүруге үйреткен. Әрбір жақсылыққа қанағат етуді

жазып қалдырған. Осы жобаның ең маңызды бөлігіне келе отырып Қожа Ахметтің хикметтерінің мәні дұрыс жолға бағытталған.

Қожа Ахмет Ясауидің: «Әрбір адамның қадірін, ішкі дүниесі, адамгершілігін жетелеу үшін имандылық керек, мен соған жетелеймін», - деген арманын арқалап, жасы келсе де болашаққа қажетті азық қалдырам деп тыным таппай еңбек етіп хикмет жазған тұлпардың тұяғының әрбір сөзі мен ісі жас ұрпаққа үлгі болып қалуы тиіс.

Әдебиеттер

- Asgar Saberi (2015). *Polojenie Hoja Ahmeda Īsavi v pismennyh istochnikah, Dınaralyq dialog jäne Qoja Ahmet Īsauı mūrasy. Halyqaralyq ğylymi konferensia materialdary* – 13 aqpan, 2015, Astana, 322b.
- Diuan Hıqmet (1904). *Ahmed bin İbrahim bin Mahmud bin Aftihar Īssauı*. (Besinşı märte basyluy). Qazan.
- Jandarbek, Z. (1991). *Qoja Ahmed Īssauı, ömiri jäne şyğarmalary*. Türkıstan.
- Najip E. N. (1989). *Pervyi türkoiazыchnyi poet-mistik III v. Ahmed Eseyi i ego "Divan-i Hikmet"*, *İssledovania po istorii türkskih iazykov HI-HIÜ vv.*
- Öserüly, N., Maqashuly, J. (1990). *Qūran (jäne onyñ qazaqşa mağynasy)*, 1-bölim, 269-aiat.
- Qoja Ahmet Īsauı (2001). *Diuanı Hikmet*. Arys.
- Qoja Ahmet Īsauı (1993). *Diuanı Hikmet (aqyl kitabı)*. (Baspaga äzirlegender: M.Jarmūammeduly, S.Däuituly, M.Şafıǵı).
- Zeybek N. K. (2003). *Qoja Ahmet Īsauı joly jäne tañdamaly hikmetter*. (Avd. Dosai K.Türsynbaıuly).
- Qoñyratbaev, Ä. (1991). *Qoja Ahmed Īssauı. Köne mädeniet jazbalary*.
- Syzdyqova, R. (2004). *Īsauı hikmetteriniñ tili*.

Extended Summary

The creative heritage of the great thinkers of the East of the Middle Ages is the object of diverse research by scientists from different countries. The topic of Sufism occupies a special place among scientific developments. The Sufi trend in Islam (both Sunni and Shiite), known as mystical, ascetic and philosophical teachings, became widespread in Central Asia in the XI-XII centuries. Khoja Ahmed Yassawi, the founder of the Turkic branch of Sufism, was a contemporary of famous thinkers Abdylkhalyk Gijdivana, Khoja Yusup Hamedani, Abu Ali ibn Sina, Abu Rayhan Biruni, Mahmut Kashgari, Yusup Khas Hadjib Balasaguni, who made a significant contribution to the development of world civilization. Many outstanding poets of the medieval East turned out to be influenced by Sufi concepts: Rudaki, Omar Khayyam, Saadi, Hafiz, Navoi and others.

Koja Ahmet Yasawi is an outstanding scientist of his time. He is a poet, a sufi, who has formed his strength on the path to knowing God. Ahmed Yasawi is the founder of the Sufi path. The poet, following his instructions, spread this teaching to the end of his life. His thoughts were reflected in his wisdom. The article analyzes Sufi literature, Sufism, as well as the most famous poet of the Turkic world Khoja Ahmet Yasawi and his work "Diwani Hikmet". It is clear that the wisdom of Khoja Ahmed Yasawi, who was known among the Turkic people as a Turkistan's spiritual enlightener, calls on all mankind to perfection, goodness, peace and brotherhood. The article analyzes the Sufi teachings of the Sufi poet, who combines Islam and Turkic culture. In the doctrine he used concepts such as the ideal person, sharia, light, patience, piety, dialogue, commentary. In Sufi literature: To know the truth, the journey to the truth, the desire to understand the spiritual secret, to be in love with the beloved, to be keen on the creature, to talk with the beloved, drink the wine of truth, lose consciousness, become a butterfly and burn the fire, the terms "die before you step death", "twirling like a wreath on the truth" are widely used in Sufi literature. In addition, concepts such as "heart", "mood" are also widely used in Sufism.

Brilliant assemblage of medieval Sufi poets, scientists, theologians and philosophers have made a significant contribution to the spread of Islam has played an invaluable role in educating the Muslim Turkic peoples in the development of Muslim spiritual culture of the Central Asian region. Khoja Ahmed Yassawi best known as one of the orthodox Sufi poets of the Middle Ages, his book "Diwan - and Hikmat" ("Ana" or "Book of Wisdom") received at the time of immense popularity among the people. For several centuries, it served as the most popular textbook in all the Muslim schools in the region.

"Divan-i Hikmet" is the greatest monument of religious Sufi literature, which has entered the world treasury of spiritual culture. The sayings collected in the book are also the most ancient Turkic monument.

Almost all Turkic scholars agree that the Hikmets of Yassavi belong to the Karakhanid literary tradition. The origins of his poems are also found in the shamanic songs of the Turkic nomads. There are Kipchak elements in the language of his poems.

"Divan-i Hikmet" is considered the common heritage of the Turkic-speaking peoples, Hikmets were transmitted from the depths of centuries in various forms, mainly in various handwritten versions. Their edification - appeals to honesty, justice, benevolence and patience, were a kind of manifesto - the moral code of a Muslim. This work summarizes the main provisions of the Yasawi Tariqa. The Hikmets preached Islam and contributed to the strengthening of Islam among the people. Among the Turkic-speaking peoples, "Divan-i Hikmet" was called "Korani Turks", since they were the ones who perceived the Koran through the "Hikmets" of Khoja Ahmed Yassawi, therefore the Turks began to call him "Hazret Sultan" - "Holy Sultan", and Turkestan the second Mecca. The Hikmets of Khoja Ahmed Yassawi not only preached Islam, but also called on the Turkic-speaking peoples for spiritual unity and sovereignty, all the necessary conditions for their creation were stipulated here. Speaking about ancient literature, it should be noted that in those ancient times the Turkic peoples did not yet have such a clear division into separate ethnic groups (Tatars, Kazakhs, Uzbeks, etc.), and therefore many monuments belonging to the heritage of ancient times should be perceived as common Turkic.

